

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің уәкілетті лауазымды тұлғаларымен мемлекеттік бақылау жүргізу бойынша тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 наурыздағы N 04.2-40/54 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 2 наурыздағы N 114 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 11 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6120 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 156 Қаулысы және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 1 желтоқсанда N 372 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 156 Қаулысы және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 1 желтоқсанда N 372 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы № 124 Заңының 38-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің уәкілетті лауазымды тұлғаларымен мемлекеттік бақылау жүргізу бойынша тексеру парағының нысанын бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің Тіркеу департаменті (Тұрысбеков Д.С.):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының

орынбасары Д.Қ. Нұрпейісовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Алматы қаласының өңірлік
қаржы орталығының қызметін
реттеу агенттігінің

Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрі
_____ Б. Сұлтанов
Т ө р а ғ а с ы

_____ А. Арыстанов
Қазақстан Республикасы
Алматы қаласының өңірлік
қаржы орталығының қызметін
реттеу агенттігі Төрағасының
2010 жылғы 2 наурыздағы
№ 04.2 - 40 / 54 және
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 2 наурыздағы
№ 114 бірлескен бұйрығымен
бекітілген
нысан

**Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының
қызметін реттеу агенттігінің уәкілетті лауазымды тұлғаларымен
мемлекеттік бақылау жүргізу бойынша
ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ**

_____ (күні)

_____ (толтырылған орын)

_____ (Мемлекеттік бақылау жүргізген лауазымды тұлғаның аты-жөні)

Нұсқама _____

(№ , күні)

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушысының атауы немесе
тексерілетін жеке кәсіпкерлік субъектісі басшысының аты-жөні: _____

Заңды мекен-жайы: _____

СТН-і _____

ЖСН-і/БСН-і (болған жағдайда) _____

№ р/с	Талаптар
1.	Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған
2.	Жұмыскердің өміріне және денсаулығына келтірілген зиянға өтемақы төленеді
3.	Еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғау қызметінің (маманның) болуы
4.	Жұмыста жазатайым оқиғалар бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес тергеу жүргізілді
5.	Жұмыскерлер жекеше және ұжымдық қорғану құралдарымен қамтамасыз етілген
6.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес қажетті еңбекті қорғау жағдайлары жасалған
7.	Еңбекті қорғау бойынша білімдері тексерілуде және мерзімді оқулар жүргізілуде
8.	Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау жүргізілуде
9.	Міндетті медициналық қараулар жүргізілуде
10.	Шет ел жұмыс күшін қолдану үшін тиісті рұқсаттың болуы
11.	Жұмыс берушімен шет ел жұмыс күшін тарту рұқсатында көрсетілген ерекше шарттары орындалуда
12.	Жалақының уақтылы және толық төленуі
13.	Кепілдіктерді орындауын және өтемақылар төленуін сақтау
14.	Ұжымдық шартты жасасу тәртібін сақтау
15.	Ұжымдық шарттың шарттарын орындау
16.	Жұмыскерлер жұмысқа алынатын кезде олармен еңбек шарттары жасалған
17.	Еңбек шарттарын жасасудағы шектеулерді сақтау
18.	Еңбек шартының тоқтатылуы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жүргізіледі
19.	Жасалған еңбек шартының Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі нормаларына сәйкестігі
20.	Жұмыс берушінің актілерінің қағидалары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі нормаларына сәйкестігі
21.	Келісімдерде, ұжымдық, еңбек шарттарында жұмыс берушінің актілерінде мазмұндалған (еңбек шарттары) ережелердің сақталуы
22.	Толық материалдық жауапкершілік туралы жазба келісімдерінің жасасу заңдылығы
23.	Жұмыс уақытысы және демалыс уақытысы нормаларының сақталуы
24.	Жұмыскерлерге жылдық (қосымша), әлеуметтік демалыстарын ұсынылуы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес орындалуы
25.	Жеке санаттағы жұмыскерлердің еңбек құқығын сақтау
26.	Тәртіптік жаза қолдану тәртібінің сақталуы

Ескертпе: _____

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушысының тексеру парағын алғандығы туралы белгісі:

200__ жылдың «__» _____

(Аты-жөні, лауазымы, қолы)

